Обращение к теме истории жизни и подвига Героев Великой Победы в условиях независимого Казахстана связано, прежде всего, с небывалым взлетом патриотизма, проявленного в защите Отечества. За годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. звания Героя Советского Союза было удостоено 11 тысяч 649 человек. Из них 500 солдат и офицеров ранее считалось казахстанцами. Согласно сведениям, содержащимся в вышеуказанной книге, Героев Советского Союза – казахстанцев периода Второй мировой и Великой Отечественной войн на сегодняшний день составляет 615 человек. Впервые в данном издании представлены биографии лиц, удостоенных звания «Халық Қаһарманы» (Народный Герой) за участие в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Из числа участников и ветеранов этой войны звания «Халық Қаһарманы» удостоены 9 человек: Герой России Бактыораз Бейсекбаев (посмертно), Доспанова Хиуаз, Кайсенов Касым, Калмырза (Халмурзаев) Маулен, Кошкарбаев Рахимжан (посмертно), Кулаков Алексей Карпович, Герой Советского Союза Нурмагамбетов Сагадат Кожаметович, Таипов Мурдин, Капорин Александр Емельянович.

Если ранее в официальной историографии указывалось 97 казахов – Героев Советского Союза, то в настоящее время эта цифра составляет 109 человек, с учетом удостоенных звания «Халық Қаһарманы». Среди них дважды удостоены звания Героя Советского Союза семь человек, военная и послевоенная биография которых связана с Казахстаном. Если раньше их считалось только четверо – Бегельдинов Т.Я. (Акмолинская область), Беда Л.И. (Костанайская область), Луганский С.Д. (г. Алматы) и Павлов И.Ф. (Костанайская область), то теперь к ним присоединились еще трое. В ходе исследований удалось выяснить, что к числу дважды удостоенных этого высокого звания относятся также два Героя Советского Союза из Павлодарской области: Кравченко Григорий Пантелеевич и Воробьев Иван Алексеевич. Третий – это полковник Козак Семен Антонович, командир казахстанской 38-й стрелковой дивизии, преобразованной 1 марта 1943 года в 73-ю гвардейскую стрелковую дивизию, которой 16 марта того же года было присвоено почетное название «Сталинградская».

Массовый героизм и мужество, проявленные казахстанцами в годы войны на полях сражений и трудовом фронте занимают особое место в летописи того особого исторического периода в жизни бывшей нашей общей родины. Казахстан внес достойный вклад в Победу над фашизмом. Сотни тысяч наших соотечественников самоотверженно защищали Москву и Ленинград, не сломались в величайшей битве у стен Сталинграда, на Курской дуге, освобождали Украину, Беларусь и ряд городов Восточной Европы, штурмовали Берлин. Для всех народов Советского Союза Великая Отечественная война стала величайшим испытанием. Героически сражались на фронте и самоотверженно трудились в тылу представители всех национальностей огромной страны.

Только в боях за Беларусь более 1600 воинов, партизан и подпольщиков были удостоены звания Героя Советского Союза. В Белорусском государственном музее истории Великой Отечественной войны хранятся и экспонируются материалы более 60 уроженцев Казахстана, сражавшихся в ходе оборонительных боев летом 1941 года, на протяжении трех лет оккупации воевавших в партизанских отрядах и бригадах, освобождавших Беларусь в 1943-1944 годах.

Начальный период войны был очень тяжёлым, в этих условиях значительно возросла

роль Казахстана. Война потребовала увеличения выпуска продукции черной и цветной металлургии, угольной и нефтяной промышленности, редких металлов. Казахстан принимал эвакуированные предприятия. Перестраивалось на военный лад и сельское хозяйство и несмотря на то, что две трети призванных на фронт были сельскими тружениками и во многих колхозах до 80% работающих были женщины, колхозники проявляли чудеса трудового героизма. Сельские труженики Казахстана не только давали фронту хлеб, мясо, сырье, сохранив и увеличив посевные площади и поголовье скота, но и спасли эвакуированный скот из прифронтовой полосы, численностью почти 370 тысяч голов, чем увеличили поставки на фронт мяса, молока, шерсти и кожевенного сырья. Население Казахстана собирало средства на строительство танков, самолетов, а также целых колонн и эскадрилий. Всего добровольные взносы казахстанцев на нужды фронта составили 4700 млн. рублей. Кроме того, фронтовикам отправлялись теплые вещи, подарки. От населения поступило почти 2,5 млн. теплых вещей, на фронт было доставлено 1600 вагонов подарков.

В Казахстан были также эвакуированы творческие и научные коллективы. В Алма-Ату прибыли Московская и Ленинградская киностудии, более 20 научных учреждений и такие всемирно известные ученые, академики, как И.П.Вернадский, В.А.Обручев, А.М.Панкратова, А.А.Скочинский и другие. Духовным оружием служила литература. О героях фронта и тыла писали такие мастера поэзии и прозы, как Ж.Жабаев, М.Ауэзов, С.Муқанов, Д.Снегин, а также молодые писатели Ж.Молдағалиев, С.Мауленов, С.Сеитов, Ж.Саин и другие. Около 90 писателей и поэтов Казахстана сражались на фронтах войны.

С первых дней войны на территории Казахстана началось формирование воинских частей и подразделений. Одной из первых в Казахстане сформировалась 316-я стрелковая дивизия, ядром личного состава которой явились трудящиеся Алма-Атинской, Жамбылской и Южно-Казахстанской областей. Командиром был назначен генерал-майор И.В.Панфилов, участник гражданской войны, сражавшийся в рядах легендарной 25-ой Чапаевской дивизии.

Фронт требовал не только первоклассной боевой техники, боеприпасов и продовольствия, но и обмундирования, снаряжения. Поэтому на нужды фронта ударно работали предприятия легкой промышленности. Во втором полугодии 1941 г. казахстанские швейники сшили около 116 тыс. шинелей, 329 тыс. гимнастеров, 322,5 тыс. летних шаровар, 160,6 тыс. телогреек, изготовили 170 тыс. валенок и многое другое. Неизмеримо возросли роль и значение железнодорожного транспорта, которым в 1941-1942 гг. перевезено около миллиона человек, большой объем оборудования для промышленных предприятий. Он не только питал фронт всем необходимым, но и доставлял на оборонные заводы все больше стратегического сырья. Движение поездов было переведено на особый военный график. Строительство железных дорог не прекращалось и в годы войны. Силами колхозников Жамбылской области уложено 134,3 км дороги к местам фосфоритовых залежей в горах Каратау, введены в строй дороги Агадырь-Акшатау, Састобе-Кельтемашат, Лепсы-Андреевка. Труженики полей и ферм трудились, не зная усталости. В 1941 г. республика сдала государству 100,7 млн. пудов хлеба, в основном за счет колхозов. Это имело большое значение в условиях, когда враг оккупировал наиболее богатые зерновые районы. Перевыполнены плановые задания по сдаче хлопка-сырца, сахарной свеклы, табака, сдано государству свыше 114,6 тыс. тонн мяса (в живом весе), 283,7 тыс. тонн молока, 14,6 тыс. тонн шерсти, более 2,8 млн. штук разного кожевенного сырья. По производству животноводческой продукции и сырья для промышленности Казахстан занял ведущее место среди тыловых районов. По всей стране гремела трудовая слава Ш.Берсиева, И.Жакаева, Ким Ман Сана, С.Онгарбаевой, бригадиров тракторных бригад П.А. Ангелиной, Н.Я. Кудлая, комбайнеров Р.И.Нежибовского, В.П.Кривич и других.

«В суровое время Советская страна и Красная Армия не испытывали серьезной нехватки в продовольствии, – писала «Правда» 12 мая 1942 г. – В этом большая заслуга сибирских и казахстанских колхозников».

Помощь фронту усилилась особенно в 1942 и 1943 гг. Это стало возможным благодаря максимальной концентрации трудовых ресурсов на важнейших объектах промышленности, ускоренному вводу в действие десятков новых крупных предприятий, выпускающих военную продукцию. Размещение и ввод в эксплуатацию более ста эвакуированных предприятий оборонной промышленности подняло военно-промышленный потенциал Казахстана. В январе 1943 года досрочно завершено строительство первенца черной металлургии республики –

Актюбинского завода ферросплавов, химический комбинат развернул работу по производству буры, борной и фосфорной кислоты, соды и других химических элементов, нужных для военной промышленности и сельского хозяйства. Под особым контролем Государственного Комитета Оборона (ГКО) осуществлялось строительство горно-химического комбината «Каратау». В мае 1943 г. вблизи Караганды начато строительство Казахского металлургического завода, который создавался на базе Атауской группы месторождений. Для ускорения его сооружения правительством республики в ноябре было мобилизовано 3 тыс. чел. В том же году в Караганде были сданы в эксплуатацию 6 шахт, добыча угля увеличена по сравнению с 1942 г. на 35,6 %. За трудовые успехи 200 передовиков производства награждены орденами и медалями. На нефтяных промыслах республики трудились 3548 передовиков производства, выполнявших ежедневно по 2-3 нормы.

Наращивал свой производственный потенциал Алматинский завод тяжелого машиностроения, на котором за первый год объем выпуска продукции увеличился в 2,2 раза. Намного увеличили производство продукции Шымкентский завод пресс-автоматов и Кокшетауский механический завод. На предприятиях Рудного Алтая и Центрального Казахстана введены в действие новые мощности по добыче и обогащению свинцовой и вольфрамовой руд, позволившие Казахстану стать основной базой по их добыче. Росла также добыча марганца, хромитовых руд. Все это имело чрезвычайно важное значение для производства качественной стали, выпуска совершенных образцов новой боевой техники.

Резкое увеличение промышленного потенциала республики потребовало много электроэнергии. В 1943 г. вступила в строй Петропавловская ТЭЦ, началось сооружение каскада мелких ГЭС на реках Малая и Большая Алматинка, на которых широко применялся испытанный еще в мирное время метод скоростных народных строек.

Одним из могучих arsenалов страны стал Казахстан на завершающем этапе войны. Фронт, протянувшийся в несколько тысяч километров с севера на юг, все больше требовал боевой техники, боеприпасов и снаряжения, продовольствия и обмундирования. Нарастивалась производственная мощность по выпуску важнейших стратегических материалов и сырья для нужд оборонных предприятий. В 1944 г. сдана в эксплуатацию первая очередь Текелийского свинцово-цинкового комбината, начал выпускать продукцию Усть-Каменогорский цинковый завод. Возникли новые отрасли тяжелой индустрии: черная металлургия, нефтеперерабатывающая промышленность. Карагандинским углем снабжались промышленные центры Сибири, Урала, Поволжья и другие районы страны. В 1945 г. построено и сдано в эксплуатацию 19 новых шахт и 3 угольных разреза общей мощностью около 6 млн. т в год.

Наращивали мощности новые нефтепромыслы: Кошкар, Комсомольск, Тентек-Сор, Жолдыбай. В годы войны на Эмбе введено в строй 430 новых скважин. За последние три года войны Казахстан дал стране 2477,2 тыс. т. высококачественной нефти.

Расширялась возможность пищевой и легкой промышленности, построено и сдано в эксплуатацию 36 пищевых предприятий. Швейные и обувные фабрики и артели промкооперации освоили и поставляли фронту более 50 видов обмундирования, обуви и различного боевого снаряжения. Продукция, изготовленная казахстанскими предприятиями, позволила обеспечить потребности сотен дивизий.

Велик трудовой подвиг земледельцев и животноводов. В 1942 г. заготовлено 84,3 млн. пудов хлеба, а урожайность зерновых в среднем составила 7,9 ц/га. Многие передовые земледельцы получали более высокие урожаи. Знатный полевод Уильского района Актюбинском области Ш.Берсиев вывел новый засухоустойчивый высокоурожайный сорт проса, наиболее приспособленный к местным почвенно-климатическим условиям. В 1942 г. он собрал с гектара по 175, а в 1943 – по 202 центнера. Такого урожая не знала мировая практика, он сделал 4 мировых рекорда. Высокие урожаи риса получали мастера своего дела И.Жахаев и Ким Манн Сан из колхоза «Авангард» Шилийского района Кызылординской области. Рекордный урожай сахарной свеклы выращивали в колхозе «Красная звезда» Жамбылского района Жамбылской области С.Онгарбаева, Д.Жантохова и другие.

При отступлении гитлеровцы разграбили, сожгли и разрушили 1710 городов и поселков, более 70 тыс. сел и деревень, без крова остались 25 млн. советских граждан. Быстрейшее восстановление ближнего тыла действующей армии имело громадное военно-хозяйственное значение. Колхозы, совхозы и МТС Казахстана оказывали неоценимую помощь

освобожденным районам. 26 марта 1942 г. Казахстан принял первую делегацию из освобожденных районов Московской области, ей выделено 1273 овцы, 142 коровы, 184 свиньи, 35 лошадей, сотни тонн семян и другое. Освобожденным от фашистов районам только с 1 июня 1942 г. по 1 июня 1943 г. Казахстан отправил 3879 трактористов, 593 бригадира тракторных бригад, 106 механиков, 221 комбайнера, 69 директоров МТС, 115 агрономов, хотя самим их не хватало. В освобожденные районы Северного Кавказа и Украины только в 1943 г. послано 4 тыс. тракторов, много другой сельскохозяйственной техники, туда выехало 70 бригадиров тракторных бригад, 300 комбайнеров, 145 агрономов, более 100 механиков. Казахстан взял шефство над Орловской областью, к концу 1943 г. сюда отправлено 11,6 тыс. голов крупного рогатого скота, около 74 тыс. овец и коз, 552 рабочих вола, 722 лошади, свыше 18 тыс. свиней. В помощь трудящимся области казахстанцы отчислили от своего скромного заработка свыше 3,3 млн. руб., в том числе 2 млн. руб. специально на восстановление детских учреждений, выделили оборудование для двух детских садов и яслей, родильного дома, двух больниц, 3 фельдшерских пунктов, 11 сельских библиотек и многое другое.

Труженики республики проявляли большую заботу о раненых и семьях фронтовиков. История войн не знает такого широкого по своим масштабам и результатам всенародного движения, такого единодушия, какие проявлял народ Казахстана, взяв шефство над госпиталями, ранеными воинами. На декабрь 1941 г. здесь уже функционировало 72 эвакогоспиталя на 321000 коек. Повседневную помощь оказывали раненым женщины-общественницы, женсоветы, созданные при райвоенкоматах. Проявляли заботу и о тех, кто потерял на войне здоровье и стал инвалидом, для них была открыта больница восстановительной хирургии в Алматы, грязелечебный курорт в Жанакоргане, курорт «Аул» в Семипалатинской области. Их готовили к новым трудовым профессиям: при госпиталях налажено производственное обучение, за годы войны получили различные специальности 15 тыс. инвалидов.

Государство заботилось о семьях фронтовиков, только за первые 11 месяцев войны в республике были назначены пособия 240,9 тыс. семьям фронтовиков, а 1 января 1943 г. 378 тыс. семей военнослужащих получали государственное пособие. Много внимания уделялось детям-сиротам, их бытовому обустройству и обучению, расширилась сеть детских учреждений. На 1 мая 1945 г. функционировало 179 детских домов, в которых воспитывалось 27, 6 тыс. детей, оставшихся без родителей 93, 1 тыс. детей, трудоустроено свыше 6400 подростков.

Таким образом, хотя в период Великой Отечественной войны на территории Казахстана не происходило боевых действий, но казахстанцы активно участвовали, как и в самой войне, так и в тылу, тем самым они внесли значительный вклад в обеспечение нужд фронта всем необходимым для разгрома врага.

Т.М. Аминов, старший научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, к.и.н, ассоциированный профессор
<https://e-history.kz/ru/news/show/23836>

ПРОЗА

Жолтай Әлмашұлы Жалғзын жоқтаған Жамал (Өңгіме-рух)

– Уһ-һ-һ-һ!.. Демі біте жаздап барып, тұншығып барып, эзер деп аузынан жалын атты. Кәдімгі ошақтан от үрлегендей барынша ыстық жалын еді. Жанында біраз уақыттан бері жаны қалмай күзетіп отырған жақын сіңлісі Жұпар аһ ұра сөйлеп:

– Е, қайтсін-ай! Асқазанында тас қайнап жатыр екен-ау! – деген. Сол кезде әлде дауысты естіді, әлде ес жинағаны осы ма – бетін ақырын оңға бұрып, Жұпарға жасаураған жанарын бағыттады.

– Мен...мен сорладым ғой! Сорлап қалдым ғой, Жұпар-р... – Ыстық жас ыршып-ыршып кетті. Жаны шырылдағандай болып, барынша қиналыспен бой жинай түсіп, сосын еңіз-теңіз

жылауға басты. Салалы саусақтарынан әл кете дір-дір етті. Бүкіл денесін өзі де билей алмай, бұлк-бұлкке басып, тыпыршып ала жөнелген.

– Ай, Жаратқан ием-ау, не жаздым! Не жазығым бар еді сенің алдында? Келіндік жолымды кесірлікке шырмаған кезім бар ма? Аналық жолды арамдаған сәтім болып па? Кімнің...кімнің алдын орап, қай пендене қиянат жасап едім-м...Уһ-һ...

Жұпар оны сабырға шақырып, қолын уқалап, денесін сипалап, тоқтау сөзін айта бастады.

– Алла шара басқа қиып салды, көтермеске не шара! Әуелден маңдайға жазылған тағдыры осылай шығар! Лейтенант баланың өлшеулі өмірі-і...

Жамал көз жасын сілкіп жіберіп, сіңлісіне жалт қарады. Жалт қарады да:

– Өлшеулі өмір дедің бе? – деген. – Ауырып не әлдеқалай сүрініп кетіп, өз ажалынан өлсе, мен де тағдыры болар деп тоқтам іздер ем. Бұл не? Бұл қандай тағдырға жатады екен, а?...Бұлдыр ғой. Тұман ғой арғы жағы...Жақын арада сейілмейтін тұман...

Сіңлісі ернін тістеп ала қойды. Артықтау айтып жіберді ме? Неге ғана сол өлшеулі өмір деген сопайма сөз тілінің ұшынан лып ете қалып еді? Айтқысы да жоқ еді, қалайша шығып кетті аузынан! Енді не дерін білмей, қипақтаған күймен, апайына:

– Сабырға келші! Сабыр сақташы! – деумен эзер-эзер шектелді.

Жамал осы әулетке келін боп, ақ табалдырығын аттаған күннің бірінде өз енесі оңашалықты пайдаланып өмір бойы есінен кетпес бір әңгіме айтқаны бар-ды. Сол сөзі жүрек қалтасында жансерігі боп, сазарып жатып алды. Қай кезде де еріксіз жаңғырып, есіне түсе беретін. Енесі былай деген.

– Қызым, бір кездері бұл әулеттің бағы да, тағы да ешкімнен кем болмаған, – деп бастады. – Алайда есіңе мықтап ұстар бір жағдаят – жақсы әулеттің тамыры тереңге жайылып жатса да, бүгінгі жапырағы селдір, бұтағы босаң. Сосын да тағдырдың қатты желінен, суық боранынан қорқулы. Әбден сескенулі. Үсіп кете ме, ұшып кете ме деп алаң. Тап осы уәжді баяғыда мына құтты табалдырықты аттағанда марқұм енем маған айтып еді, енді саған да соны мен уәждеп отырмын, қарағым...

Ол кезде жас еді, уылжып тұрған шағы-тын. Оның үстіне бөгде үйге орамал байлап кіргені әзірде ғана, ойы шашырап отырып, сөз астарына аса мән бермепті. Кейінірек, уақыт өте келе, ене уайымын да, әулет қорқынышын да жүрек жанарымен сезіне түскен. Атасы ертерек мәңгі мекеніне бет түзеп кетіпті. Орталарындағы жалғыз ұл – осы Алау екен. Алау екеуі А. қаласында, жоғарғы оқу орнында оқып жүріп танысты, ә дегеннен жүрекпен ұғысты, тез-ақ бауыр басты. Тіпті кейбір студенттер секілді бір-бірін ұзақ сынаған жоқ, бірі үшін бірі жаралғандай, татулық деген түсінік туын қатарласа көтеріп алып еді...

Алау бір қарағанда барынша салмақты, мінезі ауыр, көп сөзге жоқ жігіт сияқтанатын. Алайда, оның жеңіл әзілге жылдам, шымшып алар бірқақпай мысқылға аса шебер екенін Жамал өзгелерден бұрын байқады. Біреулердің сырт бейнесін суреттеп отырып, оған дәл келетін қосарлы есім таба қоятыны таңқаларлық. Қоянкүлкі дегенді Алаудың аузынан естіді. Оны тыңқ-тыңқ етіп күле беретін бір қызға арнап айтқан-ды. Тағы бір жігіт тамақ ішсе болды, тоқтаусыз кекіре беретін, оған Әупілдек деп ат бергенде, Жамал еріксіз күлкіге көміліп алғаны бар еді. Бұндай еріксіз күлкі шақырар қою қалжыңдарды қайдан ойлап таба береді десе, өзінің туған ауылы шетінен қалжыңбас болып келеді екен. Оны да кейінірек байқаған. Ол аз десең, Алаудың даусы әдемі де құлаққа жағымды. Соған орай өзі ғана шырқайтын бір-екі әні де бар. Әсіресе, ол мынадай әнді көбірек айтатын.

– Біз бақытты екенбіз, жан-жарығым,

Шаттық әнін жасырып, тыңда күнім!

Сен сыйлашы ып-ыстық ерініңді,

Мен сыйлайын өзіңе Алма гүлін!

Сөйтіп жақсы достықты жалғастырып, жастықтың тәтті күндерін бастан өткеріп жүрген шақта, бұл да тағдыр ма, А. қаласында аяқ астынан дүбірлі дүмпу орын алды. Қала жастары дүрлігіп орталық алаңға шықты. Бейбіт шеру деді әуелде. Жоғарыдағылардың жасаған саяси шешімімен келіспей, оларға қояр талабы бар екен. Билік басына басқа ұлт өкілі келіп

отырғанына наразылық жасап, барлық жоғарғы оқу орындарынан жас жеткіншектер осында ағылған сәт. Талап біреу-ақ: қазақты қазақ халқының өз өкілі басқарауы керек! Ол күндері қалада қақаған аязды қыс болатын. Күн райы аса қолайсыз. Жамал тумысынан тоңғақ, сосын да суық күндері тысқа аз шығатын. Есесіне Алауда тыным жоқ, ең болмағанда бір рет екі көше айналып жүгіріп келмесе, көңілі қоңылтақсып тұрады. Сол әдетін айта отырып, Жамал «егер екеуміз бас қоса қалсақ, қалай өмір сүрер екенбіз» деп қағытса, Алау дереу жауап қатып «ол кезде мен сенің дегеніңе көніп, қарамағыңа көшпеймін бе» деп, уәжден жеңіп кететін. Алауда жастар тобы жиналып жатыр дегенді естіген соң-ақ Алаудың дегбірі қашты. Жатақханаға сыймай кетті. «Мен сол жаққа бармасам болмайды» деп, Жамалды да ертіп кетпекші болған. Жамал күннің тым суық екенін айтып, жатақхана бөлмесінде қалып қойып еді. Ал, артынша...қанды қырғын басталып жүре берді. Бейбіт шерудің соңғы жағында қаны бұзық бұзақылар мен бүлікшілер киліккен десті. Соларды ұстау айласына жалғасып кетіпті. Бұның ұзынкұлақ әңгімелерден түсінгені осы ғана. Алаудағы жастардың көбісі таяққа жығылды, ауыр жарақат алды. Өмірмен тосын қоштасқандары да, қыршынынан қиылғандар да баршылық.

Сол дүмпулі күндері Алау да қызыл жағалылардың қолына түсіп, екі-үш күн тас бөлмеде қамауда жатып шықты. Әйтеуір бірақ аман-сау босап келді. Дені -басы сау еді. «Маған ештеңе болған жоқ» деп, жаны қалмай бәйектенген Жамалды сендірген де. Алайда арада біршама уақыт өткенде көзі нашарлай бастады, басы ауыратынды шығарды. Кей күндері ұйықтай алмай, түні бойы есік алдында сенделіп жүріп алатын. Осы уақытта оқу жылы да аяқталып келе жатқан. Диплом қорғайтын кез де тақаған. Бұған дейін өте жақсы оқып келген Алау соңғы емтиханды әзер деп, қанағаттанарлық бағамен аяқтады. Үздік диплом алған Жамал қуанышы қойнына сыймай, мақтанышын сездіріп:

– Міне, менің бүгінгі жеткен жетістігім! – деп, Алауға еркелей тіл қатқанда, ол бұрынғыша аймалау орнына аса бір көңілсіздікпен жауап сөзін айтты.

– Енді мені бұрынғыдай шын көңілмен ұнатпайтын шығарсың! – деді. – Сен оқуды үздік аяқтаған мамансың, ал мен дімкәс, аурушаң жанмын...

Оның осы сөздерін естігенде Жамал еріксіз ызаға булығып, жанарынан жас төге жылап жіберді. «Неге олай дейсің, біздің ішкі сертіміз қайда, мәңгі бірге боламыз деген уәдеміз ше» деп, төгіле сөйлеп, солқылдап қоя берген. Сол кезде ғана сезімтал жүрегіне жылу кірді ме, Алау оны құшақтап өзіне тартты. Өзіне тартты да, ақ маңдайынан иіскеді...

Енесі байғұстың қаңбақша қалқып ұшып, қалбаң-қалбаң етіп жүгіргені әлі күнге есінде. Не деген елгезек жан, қандай жасандылығы жоқ Ана деп ойлап үлгенген-ді сол бір сәттерде. Жүріс-тұрысы мен мейірімді мінезіне орай берген алғашқы келіндік бағасы еді ол. Одан әріге тереңдеп баруға жастық өресі де, ой-талғамы да жетпей жатқан. Ең бастысы – іштей барынша бақытты болатын. Алаумен тағдыр жарастыра алғанына мың тәуба деп, бақыттан басы айналған күндер ғой оның бәрі де. Ене одан кейін де өзгерген жоқ. Сол мейірімді, ыстық пейілін сақтап қалды. Келінге келін деп емес, қызындай мәпелеп қарады десе де болғандай. Екеуінің арасындағы сыйластық күн санап бекіп, ай санап мығымдана түскен. Алайда...Жамалдың жанына аяздай болып батқан бітеу жара – сүйген жарының денсаулығы еді. Алау елге оралған соң, аз уақыт қызметке араласты да, кейінірек жүруінен жатуы көбейді. Күні бойы жастық умаждап, жер бауырлайды да, түнде сыртқа шығып ұзақ жүріп алады. Мұнысы – бұрынғы студенттік шақтағы дене шынықтыру әдетіне ұқсамайды, бойына батпандап кірген ойжегіден азап шеккен бір хал еді. Бұны Жамал білмеді емес, білді. Сезбеді емес, сезді. Ішінен қан жыласа да, сыртына шығармай, енесінің қас-қабағын аңдыды. Міне, осындай күндердің бірінде енесі оңашалап алып, өзінің аманат сөзін қинала отырып жеткізген-ді...

«...Жақсы әулеттің тамыры тереңге жайылып жатса да, бүгінгі жапырағы селдір, бұтағы босаң...»

Жамал ене алдында басын иіп тұрып, әулет туын қандай қиын кез тап келсе де, егіліп-езілместен, ешқашан жығып алмауға қайрат қылатынын ант сөзіндей етіп айтып еді.

Ол кісінің көкейіндегі бой қарыған аңызға арман – Алау екеуінен бір шарана сүю болатын. Кішкене кешіксе де, Ана аңсары орындалды: тап қазақ елі өзінің еркіндік туын қолына ұстап, бар әлемге жар салып жатқан кезінде Жамал жарық дүниеге торсықтай ұл әкелді! Сол

шақтағы енесінің бал-бұл жанған жүзін көрсеңіз ғой. Жер бетіндегі ең бақытты Әже тап өзі сияқты еді. Немересінің қасында айналшықтап, ешкімге түрін де көрсетпестен, тек өзі ғана бір уыс балғын ұлдың бет-жүзін аймалап бақты. Тіпті Алаудың өзінен де қызғанғандай болып:

– Сен кейін көрерсің, жөтеліп қалып, ауыртып қоярсың кішкентай құлыншағымды... – деп маңайлата бермеді. Жамал ененің осы сөзін артықтау көріп «апа-ау, Алау көңіліне алып қалады ғой, онсыз да жаны жаралы» дегеніне де мыңқ етпеді.

– Көреді! Ұл соныкі екені жалпақ әлемге әйгілі, несіне кіржие қалмақшы ол бала!..

Ұлдың атын да өзі атады. Жалын деп есімдеді. «Алауұлы Жалын батыр, міне, осы перзент» деп желпіне сөйлеген сәті де бүгінгідей көз алдында қалып қойыпты.

Көп ұзамай енесі де атасы салған қайтпайтын қара сапардың қараңғылыққа бастар соқпақ жолына қарай бет бұрды. Алау екеуі қосыла күңіренді: жаны сыздап, жылады; тағдырдың осынша қаттылығына налыды... Өмір бірақ тоқтар ма! Өз кезегімен өтіп жатқан-ды.

Алау екеуі жас сәбиді орталарына алып, бір мезет бақыттың буына мас болып, ыңылдап ән салатын. Сол баяғы ән! Студенттік кезде қосыла шырқап қоятын жеңіл әуен.

– Біз бақытты екенбіз, жан-жарығым,

Шаттық әнін жасырып, тыңда, күнім!

Сен сыйлашы ып-ыстық ерініңді,

Мен сыйлайын өзіңе Алма гүлін!

Осы әнді де, әуенді де алдымен Алау бастап айтатын, Жамал оның аузынан естіп, бірте-бірте жаттап алған-ды. О, тоба, сол кездерде ең болмаса бір рет те «осыны шығарған кім» деп сұрамапты да. Сөз астарындағы «шаттық әнін жасырып, тыңда күнім» дегеніне де көп мән бермепті. Бәлкім, Алаудың өз сөзі, өз әні ме?

Жалын төрт жасқа шығатын жылы Алау да ескі кеселі мендеп кетіп, аудандық аурухана палатасында көз жұмды. Сүйікті жарының соңғы сөзін жанында отырып тыңдап, ішінен ағыл-тегіл жылады. Сырты бүтін боп отырып, жүрегінің сығымдап қысқанын да елең қылмады. Көз жасын онсыз да әл үстінде жатқан Алауға көрсеткісі келмеген. Алау соңғы рет бар күшін жиып, басын сәл көтерді де:

– Мен ұзамаспын! – деді. – Алаңда көрген азап пен тас бөлмеде жеген таяқ менің тәнімді ғана емес, жанымды да жаралапты. Біраз жыл анашыма да, саған да сездірмей келіп ем, енді болатын емес. Жасырар шамам да қалмай барады. Мен жеңіле бастадым...

Жамал осы жолы көз жасын тежей алмай, үнсіз егіліп барып:

– Алау, сен мықты едің ғой! Жеңесің! Жеңіп шықшы бұл кеселді де... – деп ышқына айтқан. Күйеуі басын шайқады. Басын шайқады да:

– Бұл – менімен бетпе-бет келген жау емес, көзіме көрініп тұрған тажал емес. Ең қиыны – ол көзге көрінбес құбыжық, арқа жағымнан келіп, мені қайтсе де алып ұрғысы келетін кесапат, – деді де, қабағын түйе түсіп, палата қабырғаларына қарай жанар жүгіртіп алып, сосын өз сөзін өзі әрі қарай жалғады.

– Енді тыңдап ал: мен бұл жалғаннан жазықсыз жәбірленіп, қиянат қамытын киіп, қатты қиналып өтсем де, артымда із бар; жолбарыс жүрек ұл қалдырып барам; ол халқымның тәй-тәй тәуелсіздігін алақанында шайқайтын, еркіндік жолына жайма төсеген елдің есігін еш сескенбей, қасқая ашатын хастұғыр ұрпақ; осы перзент ес біліп, азамат атанғанша өзіңе аманат; бетінен қақпай, қайсар етіп өсір; аман болса, ол да біз секілді өзінің туған Отанын күміс теңгедей қадірлеп, қастерлей білер ер мінез еркек болар...

Осылай деді де, кішкене демін алып болып, қайтадан екі ауыз лебізін жеткізді:

– Оның есею кезеңі – қаймана қазақ үшін нағыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға тап келсе деп ем...

Тағы да айтты:

– Ұлым мендей дімкәс адам жасай алмағанды жасап, жаны пәк өзіңдей тәубашыл жанды бақытты Ана ете алса ғой, шіркін!...

Бұдан кейін сөйлей алған жоқ. Тілі күрмелді...

Бұдан соңғы тіршілік дейтін титың өмірдің қай қиындығын айтып тауысар. Жесір қатын, жас бала...Ағайын қайда, туыс қайда? Отан қайда, орда қайда? Әркім өз бас қамымен қыбырлап жатқан мидай тіршілік. Кімге өкпе артар! Кімді кінәраттар? Жо-жоқ, қандай ауыр күндер басынан аунап жатса да, Жаңыл тағдыр алдында тізе бүккен жоқ: таласты, тайталасты, жеңілмеу жолын іздеді. Әу баста жалғыз ұлы үшін балабақшаға тәрбиеші болып кіріп еді, сол күйі қалып қойды. Басқа жұмыс іздеп бас ауыртып жатпады.

Түн баласына жападан-жалғыз. Кейде Жалын еркелеп ойнап, көп уақыт ұйықтамай қоятыны бар. Сондайда, ес біле бастаған кезі ме, менің әкем қандай еді деп сұрап, мазасын алатын. «Әкең өте мықты, емендей берік, айтқан сөзінде тұратын бірбет болды. Ешкімнен тайсалған жоқ. Ешкімге жағдай айтып, бас имеді де. Бірақ, өз Отаны мен туған халқын жанындай жақсы көрді. Қандай кемшілігі болса да, үлкен мақсат үшін кешіруге бармын дейтін...» деп, кешегі күндерді сағына есіне түсіретін. Бала бойында әкеге тартқан қайсарлық байқалып қалатын. «Мен де өскен соң, әкем сияқты Отанды қастерлеуші болам, оның мәртебесін аспандатпай тоқтамаймын...» деп, жанарынан жалын атып, жігерлене сөйлеп қалушы еді. Анасы не десін, арманына жет деп басынан сипап, мейірлене бетінен сүйетін. Содан кейін ғана Жалын тәтті ұйқыға бас қойып, пысылдап ұйықтап кететін. Ал, содан соң...

Қалжырап, мүжіле бастаған шағында марқұм енесінің айтқан бір ауыз аманат сөзі жігерлендірді. «Жақсы әулеттің тамыры тереңге жайылып жатса да, бүгінгі жапырағы селдір, бұтағы босаң...» Енді бірде есіне жан жары Алаудың көз жұма алдында әлсіз үнмен жүрек түкпіріндегі сырын төккен сәті түсе қалады. Оның даусы тап бүгінгідей құлағында шыңылдайды. «...Осы перзент...өзінің туған Отанын күміс теңгедей қастерлей білер ер мінез еркек болар...»

Бойға қуат, ойға дәрмен берген – осы сөздер-ді.

...Бала өсе келе, расында да өте қайратты, батыл, отаншыл, ұлтшыл екенін әйгілей бастаған. Басқа оқуды қаламады, әскери салаға бейімделді. Анасының «өзге оңайлау бір мамандықты ойластырмадың ба» деген сауалына да жауабы әзір болды.

– Апа, – деді батыл үнмен. – Менің Отаным әлі әлсіз, тәуелсіздігі тәй-тәй басқан баладай босаң. Оны еппен шынықтырып, аяғынан тік қойып, сонан соң ғана әлем елдерімен терезесін теңестіре алар болсақ керек. Дүние жүзінің баршасы да бізге бәрібір күдік көзімен қарап отыр, не шығара алады екен деп миықтай сөйлейді. Ендеше мен, тәуелсіздіктің құрдасы бола тұрып, сол тәуелсіздік жолында бар күшімді жұмсамасам, онда еркек болып несіне тудым!

– Жарайды! – дейді Жамал баласын аймалай сөйлеп. – Елдің тәуелсіздігіне тұтқа болу үшін міндетті түрде әскери мамандыққа бару қажет пе? Жас адам қандай мамандықты таңдаса да, өз еліне пайдасын тигізе алмас па!

– Солайы солай! Бірақ, апа-ау, бізге тап бүгінгі уақытта ел тыныштығы мен шекара бүтіндігі ауадай қымбат. Осы екі нәрсені сақтай алмасақ – бәрі де бу сияқты бос әңгіме.

Анасы баласымен көп дауласпады, ойын құптаған сыңай танытты. Бірақ жан әлемінде өзгеше бір алаң орнап қалғандай еді. Ол қандай алаң – әзірге өзі де түсіне алмаған...

Қ. қаласында басталған бейбіт шерушілердің арасында аяқ астынан лаңкестер пайда бола кетіпті: бүлікшілердің мекемелер мен әскери бөлімшелерге шабуылы жай оғындай бір-ақ сәтте бұрқ ете қалды. Жамал ол жайынан елдің бәрінен де кеш білді. Бір таң қалғаны – осы неге ғана қарапайым халық бірнеңе талап етіп, шеруге шыға қалса, артынша әлде ылаңкес, әлде содыр, әлде бүлікші қосарлана шыға келеді? Таңертең ұлына шәй беріп, ертелетіп жұмысына шығарып салған. Шәй үстінде аз-кем әңгіме де айтылды.

– Ұлым-ау! – деген. – Жасың болса, міне, отызға да келіп қалды. Қашан мына үйге ақ келін түсіресің?

Жалын ыстық шәйді сораптап алып, анасына еркелей:

– Тап бүгін-ақ алып келер ем! – деді. – Бірақ сізге лайық келін кездестіре алмай жүрмін. Анасы күліп:

– Апырмай, осы күні көшеге шықсаң қаптаған сұлу қыздар алдымызды кес-кестейді, ал солардың бірде-бірі сенің көзіңе ілінбеуі қызық! – деп жымия күлді. Жалын соңғы кеседегі шәйді ішіп алды да, анасының маңдайынан сүйді. Сосын айтты.

– Апа, мен іздеген бойжеткен оларға мүлде ұқсамайды. Олар – қала тәртібінде өскен, қазақы салт-дәстүрден ада, тіпті өз ана тіліне де шорқақ. Дәстүрі мен тілін қасиеттей алмаған қыздан қандай жақсы ана шығады деп ойлайсыз? Керек десеңіз айтайын – біздің халқымыздың талай ғасыр армандаған тәуелсіздігінің тамырына балта шабатын да сондай өз тегінен алшақтай бастаған әйел заты! Біздің шаңыраққа ең ибалы, ең тәрбиелі қыз ғана келін болып табалдырық аттағанын қалаймын...

Жамал осы жолы ұлының өте әділ, тіпті барынша ақылды уәж айтқанына риза болып, маңдайынан сүйді де:

– Жұмысың да өте жауапты. Аман болшы әйтеуір... – деген. Баласы есіктен шығып бара жатып елеусіз ғана:

– Апа, кешегі күні ана батыс жақтан бір дүмпу хабар жетті, халық газ бағасының шарықтап өсуіне наразы болып, бейбіт шерумен алаңға шығыпты, – деді. – Соның екпіні бізге де ақырын жылжып, келіп қала ма деймін...

Сосын үйден шығып кеткен. Жамал әуелгіде аса мән бермесе де, артынан ой елегінен өткізіп тұрып, бойы дір-р ете қалғанын байқады. «Халық көтерілді деді ме? Бейбіт шеру деді ме? Ойпырмай, халық дүрліксе, онда тектен-тек емес. Тек...қазақ елінің түкпір-түкпірін өрттей шарпып кетіп, арасына баяғыдай арандатушылар мен бүлікшілер араласып, сол содырларды ұстаймыз деп, еш жазығы жоқ бейбіт адамдар қанға боялмаса болғаны да...» Содан кейін ұлы туралы ойланды. Әскери оқуын бітіріп болған соң, осы Қ. қаласына оралып, бір әскери бөлімшеге қызметке кіріскен-ді. Одан бері де бірнеше жыл өтіп барады. Өз айтуынша қазір кішкене бір бөлімшенің командирімін дейді. Әскери шені де біртіндеп өсіп жатыр екен: оны анықтап айтпаған соң, анасы түсінер ме? Бейбіт шеру бейбіт аяқталса екен деп іштей тілеу тіледі де, енді қайталап әлгінде ғана ұлымен болған келін туралы жылы әңгімені еске түсіріп, аз-кем жымыды. «Ақылдым менің, қыз бала өз халқының дәстүрі мен тілін білмесе, ондай жаннан қандай ибалы келін шығады деді ме? Әлі сарыауыз бала болар десем, тереңнен-ақ ойлап жүр екен ғой бәрін де...Аман болшы, айналайыным-м...»

...Ал, түс ауа қалада пайда болған ылаңшылар мен бүлікшілердің билік ғимараттары мен әскери бөлімшелерге шабуылы жайлы суыт хабар сумаңдап, жер-жерге тарап жатты...

– Тағдыр дедің бе? – деп, Жамал тағы да жақын сіңлісі Жұпарға тіктене қарады. – Тағдыр деген бұлай болмайды ғой. Оңбаған бүлікшілер қайдан келді біздің тып-тыныш жатқан қалаға? Қару-жарағын қалай өткізді? Әскери бөлімшеге не үшін шабуыл жасады? Айтшы, қане?

– Сабырға келші, апатай! – деп, Жұпар жалына сөйлеген. – Саған тым қатты күйзелуге болмайды. Онсыз да жарты күн ес-түссіз жаттың.

– Жан баламның жолында жаным садақа! Ол әскери бөлімшені ғана қорғаған жоқ, қасқайып тұрып, бүкіл Отанын қорғамақ болды. Отан деген, түсінесің бе, ол – сен, мен, тағы да мыңдаған адамдар...

Жұпар жаны шыға үпелектеп, апатайына басу айтқансып:

– Білем! Сенің ұлың Жалын – нағыз ер! Ол Отанды шын сүюдің үлгісі! – деп сөз жорғалатып жатыр еді, Жамал түтігіп кетіп:

– Отан! Отан үшін опат! Ал, сол Отаны тап бүгін бұл әулеттің басына түскен бақытсыздықты – ащы да ауыр халді білер ме? Түсінер ме? Асыл енемнің де, Алауымның да аманат-әңгімесі бүгіннен бастап әдірә! Соны білер бірің бар ма? Соны ұғар өкіметің бар ма? – деді де, тұтыға кемсеңдеді.

Сәлден соң барып, қайта ес жинағандай болып, еңсе тіктеді де, ащы күрсініспен былай деді:

– Кеше де, бүгін де кеспірлі бұралаңың мен кедір-бұдыр жолың бітпей қойды-ау, қазағым! Кеше де, бүгін де елі үшін жұлынын жұлып беруге даяр, бостандық жолында омырауын айқара ашып, алға ұмтылған айбоз азаматыңа пана бола алмадың-ау, қазағым! Енді ертеңің не болар? Біздің әулеттің кермек мұңына ұқсап бара жатқаны қалай? Ертеңің...неге тұмандана береді, апырмай-й!..

Жұпар ендігі жерде не дерін де білмей, орнынан тұрып кетіп, палата ішінде өң-сөлсіз ақырын адымдап жүріп алып еді. Кенет...қалтасындағы ұялы телефоны безілдеп қоя бергені.

Көтерді. Тыңдады. – Эло, бұл кім?

Арғы жағынан өте таныс, жағымды үн естілді. – Тәте! Жұпар тәте, бұл сіз бе?

– Мен! Мен ғой. Ал, сен...лейтенант бала-а...

– Иә, тәте! Аға лейтенантпын!

Көзіне ілез-демде ыстық жас кептеле қалып, не дерін де білместен:

– Айналым сол ағадан! Аға бола бер, жаным-м... – деп кемсең еткен.

Арғы жағындағы дауыс тоқтаусыз сөйлеуде. «Мен бағаналы бері телефон соғып жатырмын, апам неге жауап бермейді, әзер деп сізді алдым ғой әйтеуір...» деген үн саңқылдап естілген. Жұпар:

– Кешелі бері интернет те, телефон да істемей қалды ғой. Сосын ғой, – деді де, Жамалға жалт бұрылып:

– Ұлың! – деп сүйіншіледі. – Аға лейтенант Жалын Алауұлы анасымен тілдескісі келеді...

